Жарма аудандық газеті

# ҚАЛБА ТЫНЫСЫ

№ 46 (9408) Жұма, 21 қараша 2025 жыл

Газет 1934 жылдан бастап шығады

Айна ақпарат

## Абай облысында жаңа инвестициялық жобалар жүзеге асырылады




Облыс әкімі Берік Уәлидің төрағалығымен инвестиция тарту бойынша өңірлік үйлестіру кеңесінің кезекті отырысы өтті. Жиында жалпы құны 54 млрд теңгеден асатын 7 ірі жоба каралды. Бұл жобалар өңірдің өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, логистика және туризм салаларындағы жаңа өндірістерді іске қосуға, жаңа жұмыс орындарын ашуға және инвестициялық белсенділікті арттыруға бағытталған.

Отырыста ұсынылған жобалар Семей қаласы, Жарма, Жаңасемей, Бородулиха және Аягөз аудандарында жүзеге асырылмақ. Инвесторлар гастро-парк ашу, ағаш өңдеу өнеркәсіптік паркін салу, дәнді дақылдар мен күнбағысты тамшылатып суару арқылы өсіріп, қайта өңдеу, теріні қайта өңдеу негізінде жемдік қоспа шығару, қойма логистикасын дамыту, қонақүй кешендерін салу сияқты жобаларын таныстырды. Аталған жобалар жүзеге асқанда мыңнан астам жаңа жұмыс орны ашылады деп жоспарлануда.

Аймақ басшысы инвестициялық жобалардың өңір үшін маңызы зор екенін атап өтті.

«Бұлардың барлығы – облыстың әлеуметтік-экономикалық ахуалын жақсартуға бағытталған ірі жобалар. Жаңа өндіріс құрылады, жаңа жұмыс орындары ашылады. Сондықтан облыстық, қалалық, аудандық деңгейде әкімдік тарапынан жан-жақты қолдау көрсетеміз», - деді облыс әкімі.

2025 жылдың басынан бері өңірде іске асырылып жатқан инвестициялық жобалардың саны 29-дан 97-ге дейін артты. Тартылған инвестиция көлемі 2,2 трлн теңгеден 3,5 трлн теңгеге дейін ұлғайды. Оның ішінде 50 жоба Ұлттық цифрлық инвестициялық платформаға енгізілген.

*Абай облысының әкімдігі.*

Kaspi QR

Жазылым үшін ақысын төлеу
Оплата за подписку

«Қалба тынысы» газеті
Газета «Қалба тынысы»

# Жол көлік оқиғасы неге азаймай тұр...

**Қазіргі уақытта күнделікті жаңалықтардан немесе ел ішіндегі хабар-ошардан «жол көлік оқиғасынан қаза тапты» - дегенді естігенде жаныңыз түршігеді. Адам баласы болған соң бір жерден екінші мекенге сапар шегу – ол тіршіліктің ажырамас бөлігі. Қажеттілік туындап тұрған соң, уақытпен санасқан қоғам автокөлікті – жедел әрі ыңғайлы құрал ретінде таңдайды. Жеке көлігі болмаса, такси шақырады. Қала-ауылға қатынайтын көлік саны артқан. Жол жүру күнделікті өмірдің дағдылы көрінісіне айналды.**

Алайда сол дағдының астарында қауіптің бары ескеріле ме? Көлікке отырған адамның барлығы сапарын сәтті аяқтай бермейді. Мақсат қойып, жолға шыққан соң әртүрлі жүргізуші кездеседі. Бірі жылдамдықты шектен тыс асырып, жеделдете жүріп бара жатады. Тіпті кейде қолында смартфон, жолға да телефонға да телміріп отыратын жүргізушілер де кездесіп жататыны жасырын емес. Бір сәттік асығыстық, ережені елемеу немесе салғырттық – орны толмас қасіретке ұласып жатыр. Таңнан кешке дейін мыңдаған көлік жолға шығады. Бірақ оның бәрі баратын жеріне аман жетеді деп айта алмайсыз. Олай болса, жолдағы жауапкершілік пен жүргізуші мәдениетінің жай-күйі қандай? Мәселенің мәніне үңіліп көрелік...

### Сандар не дейді?

Күн сайын жол апатынан қаза тапты немесе жарақат алды деген жаңалық күн құрғатпай айтылып жатады. Осы орайда 2025 жылдың алғашқы тоғыз айында Қазақстан жолдарында тіркелген апаттар жайлы мәліметтер көңіл көншітпейді. Ел аумағында 26127 жол-көлік оқиғасы орын алған, бұл – өткен жылдың дәл осы кезеңімен салыстырғанда 35,4%-ға көп. Мұндай өсім жол қозғалысы қауіпсіздігі саласындағы жағдайдың күрделенгенін айқын көрсетеді.

Жол апатының көбеюі салдарынан жарақаттанғандардың да саны артқан. Биыл 37408 адам түрлі деңгейде жарақат алған, бұл көрсеткіш өткен жылмен салыстырғанда 40,1%-ға жоғары. Сарапшылардың айтуынша, мұндай өсімнің негізгі себептері – көлік санының күрт артуы, жол инфрақұрылымының жетілмегендігі және жүргізушілердің тәртіп бұзуы. (Біздің ауданда жөнделген теп-тегіс жолда жылдамдықты асыратындар да апатты қолдан жасап отырғанын айта кеткен оң.)

Биылғы деректерде ел бойынша қайтыс болғандар саны 3,1%-ға азайғаны байқалады. Ал тоғыз айдың қорытындысымен жол апаттарынан 1699 адам көз жұмғаны белгілі болып отыр.

Еліміздегі жол-көлік апаттарының осылай өсуі – көлік қозғалысын басқару жүйесін қайта қарау, жол инфрақұрылымын жетілдіру және жүргізушілердің жауапкершілігін арттыру қажет екенін дәлелдейді.

### Жауапсыз жүргізуші қауіпті

Жол көлік оқиғасының артып бара жатқаны алаңдатар оқиға екенін алға тартқан Мәжіліс депутаты Ерлан Саиров Парламент қабырғасында көтерген. Ол онда Ішкі істер министрі Ержан Сәденовке сауал жолдап, бүгінде елімізде жүргізуші куәлігінсіз рөлге отыратындардың қатары артып жатқанын айтқан-ды.

Мәжіліс депутаты мінберде жүргізуші дайындайтын автомектептердің жауапкершілігін





күшейтуді, олардың оқыту сапасы мен бақылау жүйесін қайта қарауды ұсынды. Өйткені депутат айтқандай, кейбір мекемелерде формальді түрде білім беріліп, салдарынан жолда тәжірибесіз, бейқам жүргізушілер саны көбеюде.

Депутат такси қызметін ұсынатын онлайн платформалар (мысалы, Yandex Go, inDriver т.б.) арқылы жұмыс істейтін кей жүргізушілердің құжаттарының дұрыстығы, денсаулық жағдайы, кәсіби тәжірибесі тексерілмейтіндігіне де тоқталды. Оның айтуынша, бұл– жолаушылардың қауіпсіздігіне салғырт қарау. Сондай-ақ Е.Саиров такси сервистерінің заң алдындағы жауапкершілігін арттырып, жолаушы қауіпсіздігіне қатысты нормативтер енгізуде шетелдік тәжірибеге сүйенген дұрыс дейді.

– Мәселен, АҚШ-та жүргізушілерге қойылатын талап өте қатаң. Такси қызметін көрсету үшін әрбір жүргізушінің жеке басы, денсаулығы, соттылығы, жүргізуші куәлігі, тыныңғы толық сүзгіден өткізіледі. Егер жүргізуші жолда жылдамдықты шектен тыс арттырар болса, онда жол полициясы айыппұл салып, бірден Uber жүйесіне мәлімет жібереді. Ол дереу жүргізуші аккаунтын 2 жылға жауып тастайды екен. Біздің елімізде де осындай шаралар енгізілуі тиіс. Өйткені жолда азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету майданға айналып отыр. Осы майданда заң мен тәртіп үстемдік етуі керек», – деді Ерлан Саиров.

### Сергіткіш сусын ажалға себеп пе?

Сарапшы мамандардың сөзіне сенсек, жол апатының үштен бірі жүргізушілердің белгіленген жылдамдықтан асып кеткендігінен, рөлде ұйықтап кету, қарсы жолаққа шығып кетуінен болуда. Осының салдарынан қаншама отбасы қара жамылып отыр. Жасыратыны жоқ, жолда жүйткіген такси жүргізушілердің дені жастар. Олар өздерін аямастан демалыссыз дамыл таппай үш-төрт рет қалааралық рейс жасап, жолаушылар тасымалдайды. Жол бойы сергіткіш сусын ішіп, шаршағанын басқан болады. Алайда шаршауды шала басатын мұндай сусынның әсері



kalba_tynysy
kalba_tynysy
rv_media2@mail.ru
8-723-47-6-26-99

басы 1 - бетте

жоғалғанда оқыс оқиға ұрынатын сәттер аз емес.

Шыны керек, кейде түн ортасында сырт қалаға сапарлататын сәттер болады. Түн ауғанда таксимен шығу қорқынышты. Бірақ асыққанда басқа амал бар ма? Тәуекел деп, такси қызметіне жүгініп жатамыз. Алайда, такси тізгіндеушілердің көбі жолда қалғып-мүлгіп отырады. Жолда энергетик ішіп, шала ұйқысын ашқан болады. Бірақ ол адамның шаршағанын баса ма? Уақытша сергіткенімен, шектен тыс көп ішкенде әсері де болмай, ұйқы басып, тізгінге ие болмай қалмасына кім кепіл?

Өзі ұйқылы ояу, шаршап-шалдығып келе жатқан жүргізушінің шалағайлығына жолда жайылып жүрген мал да елене қоймасы анық. Жол бойындағы елді мекендердің ортасынан кесіп өтетін жол -бұл жауапсыздықты кешірмейді. Біздің ауданда күніне 3-4 көлік оқиғасы жол бойындағы қараусыз малға соқтығысуынан туындап отырғаны туралы Полиция қызметкерлері де жиі айтып келеді.



- Аудан тұрғындарына соның ішінде мал иелеріне Полиция тарапынан оқыс оқиғалардың алдын алу мақсатында ескертеріміз жол жиегіне малдың шықпауын назарда ұстасаңыздар дегіміз келеді. Оқыс оқиға орын алған жағдайда малдың кімдікі екенін анықтау полиция қызметкерлеріне қиындық туғызып отыр. Малдың не таңбасы не болмаса арнайы сырға -чиптері де болмай жатады. Ал жол бойындағы қараусыз малға жүйткіп келе жатқан көліктің соғылуы салдарынан адам өміріне қауіп төндіру, жарақат алу, тіпті қаза табу жағдайы орын алады. Өңір тұрғындарына жол бойына малдың шығып кетпеуін, арнайы бақташыға баққызу немесе белгі-таңбалары болуы керектігін назарларына саламыз, өйткені ең бастысы жолаушының амандығы, -дейді қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бөлімінің басшысы Ербол Тоқтасынұлы.

**Асығыстықтың ақыры ажал құштырады**

«Сәл кешігіп барсаң, аман жетесің» деген қарапайым қағида – жол мәдениетінің ең басты негіздерінің бірі. Алайда бүгінде бұл ұстаным көпшілік санасында көмескіленіп бара жатқандай. Кейде Өскемен, Семей қалаларына жолға шыққан сайын қауіп пен үрейді бастан кешіп отырамыз. Өйткені жүргізушілердің бірі – асығыс, бірі – салғырт. Ал осы бейқамдық пен жауапсыздық адам өмірін ойыншыққа айналдырып отыр. Оған дәлел, еліміздегі жол-көлік оқиғаларынан зардап шеккендер мен қаза тапқандар саны жыл санап артып отырғаны. Бұл тек статистикалық көрсеткіш емес – бұл көз жұмған тағдырлар, қайғы жұтқан отбасы, жазықсыз құрбан болған жандар. Қоғамның көкейінде қорқыныш, ал сенімінде селкеу бар. «Асығыстық апатқа апармай ма?» деген сұрақтың астарында терең алаңдаушылық жатыр.

Қазіргі таңда көлік тізгініндегі көпшілік уақытпен жарысқа түскен. Кешігіп қалмау үшін бағдаршамды елемейтіндер, жылдамдықты асыратындар, жаяу жүргіншілерді байқамайтындар көбейді.

Кейде қалаға кетіп бара жатқанда, қарсы беттен жарысып келе жатқан көліктерді көрсең, жүрегің аузыңа тығылады. Жылдамдық шектеуі деген жай сөз сияқты. Бір қолында телефонымен алысып келе жатқан жүргізуші қай жерде жол ережесін бақылайтын полиция тұрғаны туралы алдын ала бір-біріне ақпар беріп, "бар" десе ғана ереже сақтайтындар көп. Жол полициясы "жоқ" деген сөз құлағына тисе жын ұрғандай көлікті жүргізетін шоферлардың салғырттығы мен асығыстығы – тек өз өміріне ғана емес, өзгенің де тағдырына қауіп төндіреді. Тіпті бір сәттік шешім орны толмас өкінішке ұласуы мүмкін.

**Жауапкершілік – басты міндет**

Жол қозғалысы ережесін сақтау–әрбір жүргізушінің азаматтық борышы мен міндеті. Алайда, өкінішке қарай, көлік тізгінін мас күйінде ұстайтындар да бар. Мұндай жауапсыздық тек жүргізушінің өз өмірін ғана емес, айналасындағылардың да тағдырын қыл үстіне қояды. Мас адамның әрекеті көбіне жазықсыз жандардың қайғысына себеп болып, олардың өмірінде өшпес жара қалдыратыны ақиқат.

Заң да мұндай қылмыстық әрекеттерге жеңіл қарамайды. Мас күйінде көлік жүргізу – қоғамдық қауіптілігі жоғары құқық бұзушылықтардың бірі болып саналады. Бұл үшін әкімшілік те, қылмыстық та жауапкершілік қарастырылған.

Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 608 -бабының 1-бөлігіне сәйкес, көлік құралын алкогольдік, есірткілік немесе уытқұмарлық масаң күйде басқару, сондай-ақ ондай адамның көлік жүргізуіне жол беру – он бес тәулікке әкімшілік қамаққа алу және жеті жыл мерзімге көлік жүргізу құқығынан айыру түрінде жазаланады.

Ал дәл осындай әрекетті көлік жүргізу құқығынан айырылған адам жасаған жағдайда, жауапкершілік әлдеқайда күшейеді. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің (ҚК) 346-бабының 1-бөлігі бойынша, мұндай құқық бұзушылық үшін белгілі бір қызметпен айналысу немесе лауазым атқару құқығынан өмір бойына айырумен қоса, бес мың айлық есептік көрсеткішке дейін айыппұл салу, түзеу немесе қоғамдық жұмыстарға тарту, не бес жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы қарастырылған.

Сондықтан теңгерімсіз тізгін –жауапкершілік жүктейтінін әр жүргізуші терең түсініуі қажет. Себебі рөлге отырған сәттен бастап адам тек өз өмірін емес, айналасындағы жолаушылар мен жолдағы өзге қатысушылардың тағдырын да қолына алады.

**Аудандағы ахуал қалай?**

Аудан орталығы Қалбатау ауылы тоғыз жолдың торабында орналасқандықтан да орын алып жататын жол көлік оқиғалары туралы естіп, біліп жатамыз. Барлық тұрғынның қолында нақты статистика болмаса да, үлкенді-кішілі жол-көлік апаттарының жиілеп кеткенін байқау қиын емес. Көп жағдайда оқыс оқиға болған бойда әлеуметтік желілерде тараған бейнежазбалар мен хабарламалар қоғамда қызу талқылауға түсіп, түрлі пікірлер туғызады. Бірі апатты жүргізушілердің жауапсыздығынан көреді, енді бірі жол-патрульдік полиция қызметінің бейқамдығы ма деп топшылап жатады.

Бірақ, бұл орайда құқық қорғау органдарының еңбегін жоққа шығаруға болмас. Аудандық полиция бөлімінің қызметкерлері жол-көлік оқиғаларының алдын алу, жол қозғалысына қатысушылардың жауапкершілігін арттыру бағытында түрлі профилактикалық шараларды тұрақты түрде өткізіп келеді.

2025 жылдың осы уақытқа дейінгі қорытындысы бойынша Жарма аудандық полиция бөлімі әкімшілік полиция бөлімшесі жол және техникалық инспекция тобының аға мемавтоинспекторы полиция капитаны Кәрім Бақытжан Мұратұлының мәліметінше, аудан жалпы жол көлемі ұзындығы бойынша 1479 шақырымды құрайды. Өңірде қазіргі таңда **68** жол-көлік оқиғасы тіркелген, оның ішінде **11** адам қаза тапқан, **24-і** әртүрлі дене жарақатын алған. Бұл көрсеткіш жол қауіпсіздігі саласындағы жұмыстың әлі де жетілдіруді қажет ететінін аңғартады.

- Жарма ауданы Полиция бөлімі аудан тұрғындарына жолда абай болуды, жол жүру ережесін қатаң сақтауды, үнемі ескертіп келеді. Көлік жүргізушісінің бір қателігі -өзінізбен бірге өзгенің де өмірі мен денсаулығына зардабын тигізерін ескерсеңіздер екен. Сонымен қатар республика аумағында 18-23 қараша аралығында «Қауіпсіз жол-жедел алдын алу» іс-шарасы жүргізіліп жатқанын хабардар етеміз. Мұндай акциялардың басты мақсаты –тұрғындардың көлік жүргізу мәдениетін арттыру, жолда жауапкершілікті сезінуге шақыру және тәртіп бұзушылықтың алдын алу-дейді Бақытжан Мұратұлы.

**Түйін:** ***Мемлекет басшысының қыркүйек айында жолдаған Жолдауында да жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесі ерекше назарға алынған болатын. Апат ешқашан айтып келмейді, ол бір сәттік бейқамдық пен жауапсыздықтың салдары ғана.***

***Сондықтан әр жүргізуші мен жүргінші жолдағы қауіпсіздікті өз өмірінің басты құндылығы деп санағаны абзал. Жол – бұл тек қозғалыс орны емес, ол өмір мен өлімнің арасы. Саналы жүріс-тұрыс пен тәртіп жолдағы қайғылы оқиғалардың алдын алып, көп өмірлерді сақтап қалатыны анық. Сондықтан жолдағы әр әрекетіміз жауапкершілік пен сақтыққа негізделгені жөн.***

*Кәусар Арықханқызы.*

# ТІЛ – ҰЛТТЫҢ ЖАНЫ, МЕМЛЕКЕТТІҢ ТІРЕГІ




Кез келген елдің елдігін айқындайтын бірегей ұғым – ана тілі. Өйткені тіл – ұлттың жаны, мемлекеттің тірегі. Бүгінде мемлекеттік тілдің мәртебесі күн санап өсіп, өз тұғырына өрлеп келеді. Әлбетте, тіл тұғырдан түспеуі тиіс. Бірақ ана тіліміз ұлтымызбен бірге талай күрделі кезеңді өткергені жасырын емес. Аз-кем тоқтала кетейік.

Қазақ елі тұғырға ту тігіп, іргесін бекіткенше ұзақ та ауыр жол жүрді. «Балапан басына, тұрымтай тұсына» бытыраған кезеңдер аз болған жоқ. Еліміз «тар жол, тайғақ кешуден» өткенін дегенше талай құндылығынан қол үзіп қала жаздады. Тәубә, Тәуелсіздікпен бірге ажырап қалған ұлттық құндылықтарымыз қайта оралды. Соның бірі де бірегейі – ана тіліміз еді. Мемлекеттік тілдің мәртебесіне өсіп келеді деуіміздің сыры осында.

Дәл қазір Қазақ елі дамудың даңғыл жолына түсіп, өз бағытын тапқан мемлекет. Осы тұста тіл саясаты да тыңайып келеді. Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев та мемлекеттік тілдің мәртебесін нығайту жөнінде ұдайы айтып келеді. Мемлекет басшысы атап өткендей, барлық азаматтың мемлекеттік тілді меңгеру мәселесі саясатымыздың стратегиялық бағыты болып қала береді. Қазақ тілі – азаматтық интеграцияның тиімді құралы, мәдени-рухани тұтастықтың жарқын көрінісі. Сондай-ақ қазақ тілі ғылыми прогресс пен білімнің озық жетістіктеріне жол ашатын құралға айналуы керек.

«Бұл – тек салалық министрліктердің ғана емес, бүкіл қоғам болып шешетін тарихи міндет. Осы ретте асыраcілтеушілік пен даңғазалыққа жол бермей, парасатты әрі дәйекті түрде әрекет еткен жөн. Мемлекеттік тілді оқымаған және тиісті деңгейде меңгермеген азаматтар тіл білмегені үшін қысым көрмеуге тиіс. Сонымен қатар біздің қоғамда мемлекеттік тілді үйрену, оны білуге ұмтылу қалыпты жағдайға айналуы қажет», - деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Шынымен де, қазақ тіліне сұраныс артқанда ғана ол көпшілік кең қолданатын тіл болмақ. Түптеп келгенде, бірнеше тіл білу – әр адамның мәдениеттілігінің белгісі. Ал мемлекеттік тілді, әсіресе ана тілін, яғни қазақ тілін білу – қандай да бір азаматтың мәдени өресі, азаматтық жауапкершілігі қаншалықты биік екенін білдіреді. Сондай-ақ, Мемлекет басшысы айтқандай, әрбір азаматтың қаншалықты патриот екенін көрсетеді. Мұны Президенттің:

– Жалпы, мемлекеттік тіл төңірегінде оң көзқарас ұстану қажет. Тіл мәселесіне қатысты барлық пікірталас этникалық емес, азаматтық және саяси сипатқа ие екенін түсіну маңызды, – деген сөзінен аңғаруға болады.

Қиын-қыстау кезеңдерде қол үзіп қала жаздаған ұлттық құндылықтарымыз бар дедік. Бұған салт-дәстүріміз, ұлттық ойындарымыз, ұлттық мейрамдарымыз – тұтас алғанда тарихымыз бен мәдениетіміздің құнды бөлшектері кіреді. Ал осының бәрін қайта жандандыратын басты құрал да – ана тіліміз. Сондықтан ел мұрасы бүтінделсін десек, ең бірінші мемлекеттік тілдің еңсесі тіктелуі тиіс. Бұл бағытта атқарылып жатқан жұмыс аз емес. Ел билігі де осыған мүдделі. Бүгінде ел ертеңі жастар ұлттық құндылықтарға үйірсоқ бола бастады. Бұл олардың әрбір ісінен, талғамынан аңғарылады. Бұл мемлекет тарапынан жүргізілген ауқымды жұмыстың жемесі деуге болады.

*Ерлан Бибатшаев,*
*Жарма аудандық сотының судьясы.*

# БАЙДОСОВТЫҢ КҮРЕС ЗАЛЫ АШЫЛДЫ

**Алматы қаласында таяуда "Қазақ спорты және туризм" академиясының жанынан жаңадан спорт кешені ашылып,оған даңқты балуан жерлесіміз Қабден Рахманқұлұлы Байдосовтың есімі берілді.**



Ашылу салтанатына жан-жақтан көптеген атақты адамдар, Қабден ағаның көзін көрген әріптестері, туған туыстары,балуандар қатысты. Су жаңа күрес кешенінің кіре берісіне керілген ал қызыл лентаны Академияның ректоры Қайрат Закарьянов пен Олимпиада чемпионы Юрий Мельниченко кесті. Қазақстанның Білім және Ғылым министрлігінің өкілі Ақерке Абылайханқызы құттықтау сөзін арнады. Қарасаң көз тоятын зәулім залдың төріне Қабден Байдосовтың портреті ілінген,бірнеше күрес кілемі төселген.Осы жерде даңқты жерлесіміздің өмір жолын қалың оқырманға айта кетейін.

Қабден Рахманқұлұлы 1934 жылы Семей облысы, Жарма ауданы Скотовод(қазіргі Жарық) кеңшарына қарасты Арғымбай ауылында дүниеге келген. Осы ауылда бала жасынан ерте еңбекке араласып,-сол кездің өзінде ақ ерекше дене бітімімен,карулылығымен,өзі құралпас балалардың арасында дараланып тұратын. Оқу бітірген соң Алматының дене шынықтыру институтына түседі.Еңбекпен шыңдалған құрыш денелі жас жігітті күрес залынан байқап қалған атақты тренер П.Ф.Матущак өз қарамағына алып баули бастайды. Табиғи күшімен,тума дарынымен бірден көзге іліне бастаған ол жаттықтырушының сенімінен шыға біледі. Айналдырған екі жылдың ішінде мен-мен деген Одақтың балуандарын қоғадай жапырып,1955 жылы еркін күрестен қазақ жастары арасынан тұңғыш "СССР спорт шебері" атағын алады. Қазақстанның 6-дүркін чемпионы, Спартакиада чемпионы атағын жеңіп алады. КСРО ның құрама командасына мүше болып қабылданады.



Бірақ ол кез қолда билік жоқ , Мәскеуге жалтақтап қараған күндер еді. Одақтың атқтары жер жарып жүрген талай апай-төс балуандарының жауырынын жер иіскетіп жүрсе де не Әлем біріншілігіне,не Олимпияда ойындарына жібермейді.1959 жылы Мәскеуде одақтың құрама командасы әлем біріншілігі алдында оқу жаттығу жиынын өткізеді,62 кг салмақта басты үміткер Қ.Байдосов еді,бір күні одақтың бас жаттықтырушысы Қабден сені Алматыға емтиханға шақырып жатыр,әлі алда талай жарыстар болады ғой,окудан қалуға болмайды деген сылтаумен қайтарып жібереді. Өз жаттықтырушыларына жаутаңдап қараған мен көздерімен жер шұқыған олардан қайран жоқ еді. Сол жолы Әлем чемпионатына өзінен оңбай жеңіліп жүретін Ресейдің,Балаев деген балуаны барып чемпион болып оралады . Мұндай әділетсіздікке ердің-ері ғана шыдар еді,батыр балуан адал еңбегін жалғастыра береді.Әттең қазіргі егемендігіміз болғанда талай әлем шыңдарын бағындырар еді амал қанша өмір жалғаса берді.

Қазақ спорт және туризм академиясында кафедра меңгерушісі болады."Қазақстанның еңбек сіңірген жаттықтырушысы" атағы беріледі(1964ж).Қазақстанның күрестен құрама ко андасын жаттықтырады. Ә.Айханов, А.Ғабсатаров,А.Бұғыбаев, А.Сёмкин,С. Мұқашев, Ж.Жарқынбаев, Р.Нұрманов сынды атақты күрес шеберлерін тәрбиелеп шығарады. Бапкерлік ерен еңбегін байқаған Одақтың басшылары Қ.Байдосовты алыстағы Куба еліне жібереді,онда да жаттықтырушы қызметін абыроймен атқарған ол, Куба балуандарын екі жылдың ішінде әлемдік аренаға алып шығады. Бұрын ешкім білмейтін Куба балуандарымен содан бастап қазірге дейін,әлемнің барлық елдері санасатын болды. 1987 жылы туған жері Жарық ауылында "Қазақша" және "Еркін күрестен" жасөспірімдер арасында Қазақстанның біріншілігі өтті. Құрметті қонақтардың қатарында, Қабден Байдосов,А. Бұғыбаев, Д.Битқозов т.б болды. Шалғайда жатқан ауылда мұндай дәрежедегі жарысты өткізу біріншіден Байдосовтың үлкен беделі болса, екіншіден сол кездегі ауыл спортын дамытуға орасан еңбегін сіңірген кеңшар басшысы К.Мұсажановтың еңбегі еді. Қазақтың біртуар азаматы өмірінің соңына дейін еңбектен қол үзбей 1997 жылы пайғамбар жасында Алматыда дүниеден озды. Артында Ахметжан, Данара, Гүлнара есімді балалары қалды,немере шөберелері бар.

Ерен еңбегі ескеріліп Алматы қаласының бір көшесіне Қ.Байдосовтың есімі берілді. Жылда інісі Нұрғали Рахманқұлов Алматыда-Берік Аманбаев, Қайрат Закарьяновтың қолдауымен Байдосовты еске алуға арналған күрес фестивалін ұйымдастырып өткізіп келеді. Міне, биыл да XXVIII-рет өткізіліп отырған күрес фестиваліне жерлесі ретінде арнайы шақырылып қонақ болып қайттым. Күрес фестиваліне сонау Якутиядан,Байдосовтың шәкірті,1956 жылғы Мельбурн Олимпиадасының күміс жүлдегері, СССР дің екі дүркін чемпионы Александр Иванов арнайы келді. А.Жакупов,Ермек аға т.б сыйлы қонақтар болды. Қазір мықтылығымен әлемді мойындатып жүрген бауырлас Қырғыз елінің балуандары келді.Күрестің бірнеше түрінен атап айтсақ "Қазақ күресі"," Еркін күрес", "Дзюдодан" жарыстар болды.Өте тартысты өткен жарыс жеңімпаздарына медальдармен қоса,арнайы сыйлықтар,дипломдар табысталды.

Сөз соңында айтарым, осындай қазақтың даңқты балуаны ескерусіз қалмауы тиіс.Себебі даңқы асқан балуан спорттың ғана серкесі емес бүкіл халықтың арқа сүйер батыры,кейінгі жастарға үлгі болар мақтанышы болуы керек. Сондықтан, Жарманың атын бүкіл Қазақстанға одан әрі Кеңес Одағына танытқан Қабден Байдосовтың атына аудан орталығы Қалбатаудан бір көшенің аты берілсе деген ұсыныс тілегім бар. Мұны қолдайтын жерлестер өз пікірлерін айтып жаза жатар.

*Тілектес ШАЛЖИЕН*
*"Жарма ауданының құрметті азаматы" ҚР."Құрметті байланысшысы" "Қазақ*

## *БАТЫР БАЙДОСОВ*



**Суретте:** ***Еркін күрестен Қазақстанда тұңғыш рет КСРО спорт шебері атанған Қабден Байдосов.***

*Құйылған дене құрыштан.*
*Сөздері өткір қылыштан.*
*Қазақ үшін біртуар,*
*Батыры шыққан шығыстан.*

*Соғыстың тиді зардабы.*
*Ұйқысыз өтті таңдары.*
*Даладан астық тасыды,*
*Өгізбен сүйреп арбаны.*

*Бұқа мойын шот маңдай.*
*Білегі күрзі шоқпардай.*
*Бура санды денесін,*
*Қорғасыннан соққандай.*

*Асқақ еді арманы.*
*Күрес болды бар жаны.*
*Әлемге үлкен таныттың,*
*Кішкене ғана Жарманы.*

*Қаптағай құрыш денелі.*
*Тек күшіне сенеді.*
*Ішінен шыққан қазақтың,*
*Тұңғыш"Спорт шебері".*

*Әділдік болған ұраны.*
*Жазылар талай жыр әлі.*
*Қалбатаудан түлеген,*
*Алатаудың қыраны.*

*Одақта қарсы таппады.*
*Алдына келсе таптады.*
*Алар еді,әлем алтынын,*
*Орыстарға жақпады.*

*Сондай кезде күйіндің.*
*Қарсыласқа шүйілдің.*
*Ақтамберді бабаңның,*
*Аруағына сыйындың.*

*Өтсе де алтын дәуірің.*
*Тимеген жерге жауырын.*
*Жолыңды жалғап келеді,*
*Нұрғалидай,бауырың.*

***Тілектес ШАЛЖИЕН***

***МАМАНДАР ЕСКЕРТЕДІ !***

# ҚҰРМЕТТІ АТА-АНАЛАР!

Сіздің және балаларыңыздың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында, төтенше жағдайларда қалай әрекеттену керектігі жөнінде балаларыңызбен жиі әңгімелесіңіздер.

Ең бастысы: балаға өрт қаупінен аулақ жүруге үйретіңіз.

Өрт туындағанда, маңайда ересек адамдар болмаса, балалар келесі әрекеттер жасау керек:

№ 1 ереже. От шағын болса, оның үстіне дереу қалың мата немесе көрпе жауып, су немесе топырақ шашып сөндіріп көруге болады.

№2 ереже. От сөнбесе, дереу үйден шығып, қауіпсіз жерге қаш. Содан кейін өрт сөндіру қызметіне «101» телефоны бойынша хабарлас немесе көршілердің хабарласуын сұра.

№ 3 ереже. Жанып жатқан пәтерден шыға алмайтын болсаң, дереу «101» телефонына хабарласып, өрт сөндірушілерге нақты мекенжайды және пәтердің нөмірін айт. Кейін терезеден көршілер және көшеде өтіп бара жатқан адамдарды дауыстап көмекке шақыр.

№ 4 ереже. Өрт кезінде оттан да түтін қауіптірек. Тыныс алу қиындағанын сезсең, тізерле немесе шығатын есікке қарай өрмеле, себебі төменде түтін азырақ.

№ 5 ереже. Егер бөлмеге түтін кірсе, киіміңді сулап, басыңды суланған сүлгімен жауып, еңкейіп немесе өрмелеп бөлмеден шығу қажет.

№ 6 ереже. Өрт болғанда лифтке отырушы болма. Себебі ол қабат арасында тоқтап қалуы мүмкін.

№ 7 ереже. Өрт сөндірушілер келгенде оларды мұқият тыңдаушы бол. Олар сені қалай құтқару керектігін біледі.

Құрметті ата-аналар, егер балаларымызды отпен абай болуға және тиімді құтқарылу тәсілін таңдауға үйретпесек, олардың жарақаттануы мен қаза болуына кінәлі өзіміз боламыз. Құтқарылу мүмкіндігі әрқашан да болады. Балаңыз, отпен ойнау тек өзінің ғана өліміне емес, өзге адамдардың да өліміне әкеліп соқтыратынын жадына сақтасын!



**Газ плитасын өз бетіңмен қосушы болма!**



**Орманда жағылған от сөнгеніне көз жеткізбей кетпе!**



**шырпымен ойнама**



**электр құралдарын қараусыз қалдырма**



**жасалған гирляндаларды ойыншықтар қолданба**



**жарамсыз және қолдан петардалар- қауіпті**

# ЭЛЕКТР ҚҰРАЛДАРЫНДАҒЫ ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ



Тұрғын үйлердің өртке қарсы жағдайын талдау олардың қауіпсіз қолданылуы негізінен электр жабдықтары, электр қондырғыларымен құралдарының техникалық жағдайына байланысты екендігін көрсетеді. Өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етудің бірыңғай жалпы әдісі, сонымен қатар электр жабдықтарының өрт қауіпсіздігінің жеке әдісі жану көзінің пайда болу қауіпін, тез жаңғыш ортаның, өрттің таралу жолдарының пайда болуын жоюды немесе шектеуді көздейді. Өрт қауіпсіздігі талаптарымен элетротехникалық және жылыту қондырғыларын құру мен пайдалану кезінде орындалатын ережелер белгіленген, оларды орындау өзіңді өрттің пайда болу қауіпінен барынша қауіпсіздендіру мүмкіндігін береді.

**Электр құралдарын пайдаланған кезде:**

- электр қуатын қабылдағыштарды (электр құралдарын) оларды дайындаушы мекемелердің нұсқаулықтары талаптарына сәйкес келмейтін немесе ақаулығы бар болған жағдайларда қолдануға, сонымен қатар зақымданған немесе қорғағыш белгілерін жоғалтқан оқшаулаулары бар электр сымдары мен кабельдерін пайдалануға;
- тежегіштердің балқығыш ендірмелері жанып кеткен жағдайда қолдан жасалған ендірмелерді қоюға болмайды, бұл барлық электр сымдарының қызып кетуіне, олардың қысқа тұйықталуына және өрттің пайда болуына әкеліп соғады;
- ашық электр сымдарын бояуға немесе үстінен түс қағаз жапсыруға;
- ақаулы ажыратқыштарды, розеткалар мен патрондарды қолдануға;
- электр шамдарын жанғыш материалдармен жабуға;
- жылу реттегіші жоқ немесе ақаулы электр жылытқыш құралдарын пайдалануға тыйым салынады.

# МҰЗ ҮСТІНДЕ АБАЙЛА

Әр су қоймасының мұз құрылымы бірдей емес, бір жерлердің мұзы қалың, енді бір жерлерде мұз жұқа болуы мүмкін.

Сондықтан жолдарда, қар күртіктерінің астында, құламалы жағалардың маңында, қамыс арасында, жарқабақтардың астында, өзендер мен жылғалардың құйылысында мұз жұқа болып келеді де адамның салмағын көтермейді. Егерде өзен бетінде еріген су болса, ол жерлерде жүруге болмайды. Мұз бұзылар алдында, одан сарт-сұрт дыбыстар естіліп, мұздың сыртқы түрі өзгеріп, бетіне су шығады. Мұз жарылып, көлік ішінде қалғанда дереу одан шығып, қауіпсіз жаққа жылжыған жөн.

Барлық сақтық шараларына қарамастан, мұз жарылып кетсе, үрейге берілмеген дұрыс. Су ағыны жүретін ойықтың шет жағына жылжу қажет. Ол адамның мұз астында қалмауына кепіл болмақ. Ойықтың шетіне жеткен соң, оған арқаңызды тіреп, сол аяқты судан суырып, мұз бетіне шығару керек. Мұз ойылмай ұстап тұрған жағдайда, абайлап арқаға аударылып, өзен жағасына қарай баяу жорғалау керек. Құрғақ жерге шыққан соң, жылдам жылынбаса салқын тиеді. Көз алдында біреу мұз астына түсіп кетсе, құтқару үшін қандай да таяқ, бақан немесе тақтай алып, баяу қозғалып ойыққа жақындаған жөн. Белбеу, белбеулі сөмке немесе шаңғы таяқшасын созуға жеңіл болатын жерге жорғалау керек. Судағы адам созылған затты ұстап алған жағдайда, оны мұқият судан шығару керек.

Мына ережелерді естен шығармаған жөн:

- Жұқа, қатпаған мұз бетімен жүрмеген дұрыс.
- Мұздың бөлек телімдеріне топталып тұруға болмайды.
- Мұздағы шұңқырларға, жарықтарға, ойықтарға жақын тұруға болмайды.
- Қараңғыда мұзбен жүру қауіпті.
- Өткел жоқ жерден мұз үстімен автомобильмен өтуге болмайды.
- Егер мұздың түсі көгілдір болса берік қатқаны, ақ түсті болса беріктігі екі есе төмен.

Мұз үстінде қауіпсіз жүру үшін:

жалғыз адамға 12 см;

топ адамдар үшін 15-20 см;

жоғарыдан мұз үстінде сырғанау үшін 25 см; жеңіл көлік үшін 35 см жоғары; жүк көліктеріне 50 см жоғары; трактор өтуге қауіпсіз қалыңдық 70 см жоғары болуы қажет.

Осынау ережені үлкендер ескеріп қана қоймай, балаларға да үнемі үйретіп отырғандары жөн.

# ТҰРҒЫНДАР НАЗАРЫНА!

Аязға төзімізді ауа – райының басталуына байланысты пешті жылытуға профилактикалық тексеру жүргізу, пештер мен мұржаларды тазалау, жарықтарды жөндеу және әктас растрмен әктеу қажет.

Түтіндіктерді тексеру кезінде тартқыштың болуына ерекше назар аудару керек.

Үйдегі электр сымдарының бүтіндігін және электр жылыту аспаптарының жарамдылығын тексеру.

Газ жабдығы мен газ плитасының жарамдылығын тексеру.

Мүмкіндігінше үй-жайларды улы газдың шоғырлануын бақылайтын автоматты құралдармен қамтамасыз ету. Өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтаңыздар!

# КӨМІРТЕГІ ТОТЫҒЫ

Көміртегі тотығы адамдар үшін өте улы. Олармен улану денсаулыққа үлкен зиян келтіруі мүмкін және өлімге әкелуі мүмкін!

Улы газ салдарынан пайда болады оттегінің жетіспеушілігі кезінде жану.

Көміртегі тотығының себептері:

бітелген түтін мұржасы немесе ағып жатқан түтін мұржасы пештің қақпағын уақтылы жаппау, таза ауаға жеткіліксіз қол жеткізу, нашар тарту пеште немесе Каминде жанып тұрған отын пештің жылу алмастырғышындағы жарықтар үй ішінде немесе гаражда гриль жасау су жылытқыштың тоттанған немесе ажыратылған желдеткіш құбыры жануды тұрмыстық газ жетіспеушілігі жағдайларында оттегі және нашар желдету өрт (адамның өрт ошағында болуы) дыбыссыз көлік кез-келген оттың жануы жабық үй-жайда жоқ, ауа ағымын Көміртегі тотығының иісі жоқ, сондықтан оны тану өте қиын!



Көміртегі тотығымен уланудың белгілері (бір-бірнеше белгілер болуы мүмкін): бас айналу, бастың ауыруы және пульсациясы, бас ауруы, жүрек айну, құсу, тұншығу, ентігу, жөтел, көздің суланауы, шаршау, бағдардың бұзылуы, естен тану.

Көміртегі тотығымен улану кезіндегі алғашқы көмек:

Жеңіл улану кезінде (бас айналу және жүрек айну) - жәбірленушіні көміртегі тотығының әсер ету аймағынан тез шығарып, таза ауа ағынын қамтамасыз ету (терезелер мен есіктерді ашу) Егер жәбірленуші есінде болса-аммиакты иіскеп, денесін ысқылап, қатты шай немесе кофе ішіп, жедел жәрдем шақырыңыз.

Егер зардап шеккен адам ес-түссіз болса, жедел жәрдем келгенге дейін дереу жасанды тыныс алуды бастаңыз.

Назар аударыңыз! Көміртегі тотығымен жеңіл улану кезінде де, зардап шеккен адамды оның жағдайы толығымен қалпына келгенше қараусыз қалдырмаңыз және қажет болған жағдайда жедел жәрдем шақыруға дайындалыңыз.

Жедел жәрдем шақыру үшін 103 нөмірін теріңіз Құтқару қызметіне қоңырау шалу үшін 112 немесе 101 нөмірін теріңіз.

***Материалдарды Жарма ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі ұсынды.***

*ОТЧЁТНЫЕ ВСТРЕЧИ*

# ОКРУГА РАЙОНА - НА ОБРАТНОЙ СВЯЗИ

Как известно, в ноябре месяце прошли отчетные встречи акима района Нурлана Борсукбаева, акимов округов, в ходе которых рассматривалось текущее положение дел в населенных пунктах, поднимались возникающие проблемы. Очередные встречи состоялись в конце минувшей недели в Жарыкском, Бельтерекском, Калбатауском сельских округах, поселке Жангизтобе. Встречи подтвердили – вопросы у сельчан не переводятся, некоторые из которых более или менее решаемы на местном уровне, по другим же необходима поддержка руководства района или области. Каковы предварительные итоги текущего 2025 года, какие планы ставят перед собой и чем живут жители округов - все это было конкретно представлено в информациях о проделанной работе по социально-экономическому и общественно-культурному развитию, озвученных акимами указанных административно - территориальных единиц Ф.Есимбековым, М.Жанаковым, М.Жанситовым, заместителем акима райцентра Д.Жанбусиновым.





В ходе встреч сельчан, интересовали, прежде всего, вопросы социального блока. Так, вновь было озвучено о продолжении ремонта дороги районного значения Жарык – Жангизтобе, содержании внутрипоселковых дорог, улучшение освещения улиц, бесперебойная работа системы электроснабжения, вопросы санитарной очистки и благоустройства сел, наблюдающегося оттока населения из отдаленных округов, в контексте чего акцент ставился на активную реализацию национального проекта по привлечению переселенцев из других регионов страны .

На все обращения участников встреч были предоставлены ответы и необходимые разъяснения. Некоторые вопросы, в частности, установки дорожных знаков ввиду крутых поворотов на дороге Жарык – Жангизтобе, приведения в надлежащее состояние дороги до села Бельтерек, требующие конкретного рассмотрения, были занесены в протокол встречи и взяты на контроль акимата района и компетентных государственных органов.

